

«Теректі негізгі мектебі»

2022 – 2023 оқу жылындағы балалардың өзін - өзі басқару ұйымының жылдық жұмысының талдамасы

Мектепте жылдар бойы оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Оқушылардың өзін-өзі басқару органы Мектеп Парламенті әр оқу жылының басында сайланады. Оның құрамына сынып жиналыстарында таңдалған 7-ден 9-сыныпқа дейінгі сынып ұжымдарының өкілдері кіреді.

Өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысының мақсаты:

Білім алушыларда азаматтық ұстанымды, өз алдындағы және қоғам алдындағы іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру;

Елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

МП жұмысының құрылымы келесі бағыттар бойынша енгізілді:

- *Мәдениет және өнер фракциясы;*
- *Қамқорлық фракциясы(еріктілік);*
- *Құқық және тәртіп фракциясы;*
- *Ақпараттық фракциясы;*
- *Спорт және СӨС фракциясы;*
- *Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы;*
- *Ұшқыр және пікірсайыс қозғалысы фракциясы;*
- *Экология және еңбек фракциясы.*

2022 жылдың 15- 16 қыркүйек күні мектеп Президенті 5-9 сынып оқушылары мен мектеп

қызметкерлерінің дауыс беру қорытындысында, іріктеу кезеңін бағалау критерийлері бойынша Теректі негізгі мектебінде өзін-өзі басқару мектеп парламентінің президентін сайлауы өтті.

Сайлау кезінде мектеп президентіне үміткерлер, 8-9- сынып оқушылары: Жұмаш Ақерке Бекболқызы, Жайықова Торғын Қобыландықызы, Меңдібаева Камила Қалдыбайқвзы өздерінің сайлау алдындағы бағдарламасымен таныстырды. Әрбір үміткердің батылдықтарын атап өтуге болады : өз көзқарасын ашық білдіру, пікірін қорғау үшін дәлелдерді келтіру және көшбасшылық қасиеттерін көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Мектеп президентінің сайлауы белгіленген ережелерге сәйкес ашық және жасырын дауыс беру негізінде өтті. Есеп комиссиясының шешімі бойынша ең көп дауыс санын жинаған 9 - сынып оқушысы Жайықова Торғын Қобыландықызы 2022– 2023 оқу жылының мектеп президенті болып сайланды.

1. Құқықтық фракциясы
2. Қайырымдылық фракциясы
3. Мәдениет және өнер фракциясы
4. Ақпарат фракциясы
5. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
6. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
7. Ұшқыр ой дебат фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы.

Әр фракцияда мектеп Президенті Министрлерді сайлап, жұмыс жоспарларын құрып, бекіту арқылы жұмыстарын бастайды.



https://www.instagram.com/p/CieaGwtIf25/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Теректі негізгі мектебінде құқықбұзушылықтың алдын алу жоспарына сәйкес 5-қыркүйек күні "Ашық алаң" дебат клубының мүшелері арасында "Қоғам. Адам. Құқық" тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс барысында төмендегідей қарарлар талқыланды:

- БП "Бала құқығы ұстаз құқығынан жоғарырақ" деп есептейді.
- БП "Сыбайлас жемқорлықпен күрес қарастырылып жатыр" деп есептейді

Пікірсайыс нәтижесінде 7- сынып оқушылары "Асылым" фракциясы жеңіске жетті.

Дебат клубының мақсаты мен міндеттері

Пікірсайыс клубының мақсаттары:

- дарынды және бастамашыл жастарды дамыту;
- қоғамның әлеуметтік және саяси бағытталған азаматтарын қалыптастыру;
- клуб мүшелерінің сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту;



10 қыркүйек күні «Денсаулық – сенің байлығың» атты ата-аналар мен оқушылар арасында фракция мүшелерінің ұйымдастыруымен спорттық сайыс ұйымдастырды.

Мақсаты: оқушыларды отбасы құндылықтары мен бауырмалшылдық, қамқоршылық, ауызбіршілік қасиеттеріне баулу. Еңбекқорлық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



Спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша мектеп қабырғасына спортты насихаттау бойынша стенд безендірілді.

16 қыркүйек Экология және еңбек фракциясы бойынша "Таза-табиғат" экологиялық акциясы негізінде, сенбілікке шығып, мектеп ауласы мен стадионға тазалық жұмыстары жүргізілді.



12-16 қыркүйек күні «Ақпарат және баспа» фракциясының депутаттары, яғни 2-9 сынып аралығындағы сынып парламентінің өкілдері берілген тақырыпта фотоколлаж топтамаларын және бейнероликтерін ұсынды. Жақсы кітап қолдан қолға тиіп, көп ұсталуына қарай кірленіп, тоза бастайды. Кітапты мұндай күйге түсірмес үшін оған аса ұқыптылықпен қарап, дұрыс пайдалану керек. Оқыған сайын кітаптың сыртқы мұқабасын қаптап, парақтағанда саусақты суламай, ептеп ашса, оқып келген жерін қайырмай, арасына қалың нәрсе қоймай, оның орнына кішкентай қағаз салып қойса, кітап көпке дейін сақталады.

23 қыркүйек күні мектеп парламентінің ұйымдастыруымен ақпараттық стенд ұйымдастырылды.



30 қыркүйек Құқық және тәртіп фракциясы бойынша Теректі негізгі мектебінде

7-9 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ойыл аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция аға лейтенанты Бисебаев Дастан және мектеп инспекторы Уалиханұлы Әлібек оқушыларға құқықтық сауаттылық туралы, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстырды.

Мақсаты: Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/CdLTGPkMjBh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша өзін өзі басқару" ұйымының белсенді мүшелері арасында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел сұхбат, әңгімелесу, пікірталас арқылы өтті. Оқушылар темекі, арақ, есірткі ұғымы туралы жалпы ойларын ортаға салды. Темекінің зияны туралы бейнебаян

көрсетілді. Бейнебаян бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, ЖҚТБ – ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін,оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан – жақты меңгерту,зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу.

Мақсаты: Адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету;

Күтілетін нәтиже: Оқушы ізденіске ұмтылады, оқығанын талдап, мәнін аша біледі, ой қорытады, аз сөзбен түйіндеуге дағдыланады. Адами қасиеттерді, адалдық, шыншылдық, әділдікті бойына сіңіреді. Әлеуметтік жағынан дамыған, ұшқыр, ұтымды ойлап, белсенді қимылдайтын, өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білетін саналы азамат болып қалыптасуға дағдыланады.



https://www.instagram.com/p/CjU4-bpAWcN/?utm_source=ig_web_copy_link

Ақпарат фракция мүшелері инстаграм желісінде «Интернеттің пайдасы мен зияны» атты видеролик салды. Мақсаты: Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру.



Дебат қозғалысы бойынша мектептің Ашық алаң дебат клубының ұйымдастырумен «Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан» атты пікірсайыс өтті.



https://www.instagram.com/p/Cj7OAJmgkDM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

7 қазан күні спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша спорттық іс-шарасына орай "Спортты ал серікке" атты тақырыбында 2_3_4 сыныптар арасында жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды денсаулықты сақтауға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.



https://www.instagram.com/p/Cz_jhZHoAOi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

14 қазан Мәдениет және өнер фракциясы бойынша Тақырыбы: "Сәкеннің сыр сандығы".

Жоспарға сәйкес Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына орай 7-8-9 сыныптар арасында әдеби кеш ұйымдастырылып өткізілді.



https://www.instagram.com/reel/C0LZJr8IDX-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Теректі негізгі мектебінде құқық және тәртіп фракциясы мүшелері 21 қазан күні кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша өзін-өзі басқару ұйымының 7-9-сынып оқушылары арасында "Біз қылмысқа қарсымыз" атты дөңгелек үстел өтті. Қазіргі таңда өмірге көзқарастары толық қалыптаспаған жастардың арасында қылмыстың жасалуы жиі кездеседі. Жастардың арасында қылмыстың көп жасалуына отбасында берілген тәрбиеге, ата-ананың балаға көңіл бөлуіне де байланысты. Жастар арасында патриоттық сезімін, мәдени құндылықтарды дамытып тәрбиелеу, құқықтық сауаттылығын ашу керек. Жастар арасындағы қылмыс қоғам ауруы, оны емдеу қажет және алдын алу шараларын қолдану керек. Бұл іс-шараның тәрбиелік мәні зор. Оқушылар көп мағлұматтар алды.



https://www.instagram.com/p/CynHgAmAB7U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Мектебімізде дублер күні өтті. Осы күні 7-8-сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Осы жауапты іс-шараға балалар көп дайындалды: олар мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Тәңертеннен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады, қыздар сәнді киініп, ұлдар костюмде галстук тағып осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Осы күні мектептегі тәртіп биік деңгейде болды. Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп директоры - Төлегенова Айжаным (8-сынып) және директорының оқу жөніндегі орынбасары-Жұмаш Ақерке (9-сынып), болды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.



https://www.instagram.com/reel/CyBEROLlpP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Дебат қозғалысы негізінде Теректі негізгі мектебі бойынша дебат клубтары арасында "Абайдың толық философиясы" атты тақырыбы аясында аудандық турнирден 8-сынып оқушысы Жұмаш Ақерке және 9-сынып оқушысы Жайықова Торғын II-орын марапатына ие болды.



Күзгі каникулда оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында "Дені сау ұрпақ қоғамның қуатты күші" (қозғалмалы және үстел ойындары) атты 4- 5-6 сыныптар арасында спорттық жарысы өткізілді.

Мақсаты: салауатты өмір салтын ұстануға оқушыларды дәріптеу.

Өткізген: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Г.Досниязова.



https://www.instagram.com/reel/CkkyYndI8UI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Теректі негізгі мектебінде 25 қараша күні "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет" тақырыбындағы онкүндіктің жоспарына сай аға тәлімгер М.Томина "Менің құқығым" тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, кемер ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелеу.

Сонымен қатар мектеп парламентінің дебат фракциясының мүшесі 8-сынып оқушысы Жұмашова Ақерке "Білімділер бәйгесі" атты тақырыбында 3-5-сынып оқушылары арасында сайыс ұйымдастырды.

Мақсаты: оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, қызықтыру арқылы білімін тереңдету, зияткерлік қабілетін дамыту.



https://www.instagram.com/reel/CIY9M9XIPFL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Теректі негізгі мектебінде Роза Бағланова Тәжібайқызының 100 жылдығына орай 2-9-сынып оқушылары аралығында "Сол бір кеш" атты тақырыбында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында қазақ халқының бұлбұл әншінің өмірімен, шығармашылықтарымен таныстырылды.

Роза апамызың шығармашылығындағы:

"Айналайын"

"Еркем -ай"

"Әдемі-ау"

"Қайдасын"

"Сен сұлу"- әндері шырқалды.

Мақсаты: Қазақ халқының әншісі Роза Бағланова өмірімен, шығармашылықтарымен таныстыру. Ұлтымыздың вокалді оркестрінің қайраткерлер өмірімен таныс болу. Музыкалық білімдерін, ән орындауға дағдыландыру. Роза апамыздың соғыс кезіндегі ерлермен бірге қиындықты көрсе де, әнімен көңілдерін жұбатқан. Қазақтың бұлбұл әншісін ұрпақтан-ұрпаққа паш ету.



https://www.instagram.com/reel/C10L52iIpPI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Мәдениет және өнер фракциясы бойынша Теректі негізгі мектебінде 21 қараша күні "Білім шыңы" атты 5-9-сынып оқушылары арасында зияткерлік сайыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жан-жақты білімдерін тексеру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау. Өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/Cz-rhf-Cmaq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



https://www.instagram.com/p/Czqe03tliIH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

30 қараша күні Шахмат челленджі 7-8-9-сыныптар аралығында өткізілді.

Қатысқан оқушы саны: 10

«Шахмат ойнау» челленджі

Шахмат-көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір-ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахметтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

Шахмат- жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар.

Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

- ✓ білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру;
- ✓ білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту;
- ✓ челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту;
- ✓ еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау.



5-9 желтоқсан экология фракциясының айлық жоспары бойынша, 7-9 сынып арасында «Гүл күтімі» тақырыбына бейнеролик челленджін ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушыларды табиғатты аялауға, бөлме өсімдіктерін күтіп-баптауға баулу.

Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті ояту.

Ақпарат фракциясы бойынша әрбір сайыс, байқаулардың жеңімпаздары марапаттары қабырға газеттеріне және мектеп инстаграм желісіне жарияланды.

«Үздік оқушы»

«Жас спортшы»

«Мектеп белсенділері»

«Өнерлі оқушы»

«Қамқор оқушы»



Қамқорлық жобасына сәйкес өзін-өзі басқару ұйымы ауылымыздағы қарттар үйіне барып жыл сайын оздырылатын "Қарттарым-асыл қазынам" атты қамқорлық акциясын жүзеге асыруды бастады.

Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.



Мәдениет және өнер фракциясы бойынша желтоқсан айның 15 күні Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сай "Тәуелсіздік-тұғырым" атты 7-8-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты:

- Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету.
- Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.
- Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/CmJlne_of3-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Өзін-өзі тану және бақыт жобасы аясында Теректі негізгі мектебінде "Студенттік өмір ерекше әлемі" атты фракция мүшелері және оқушылар мен студенттер арасында кездесу кеші өтті. Кеште оқушылар студенттерден өздері қалаған мамандық, оқу үрдісі, болашаққа деген мақсаттары, жоғарғы оқу орындары туралы сұрақтар қойып, өз сұрақтарына толыққанды жауап алды. Алдағы уақытта мектепті аяқтағалы отырған жасөспірімдерге олар өз тараптарынан жоғары білім алу үшін тынбай іздену, жан-жақты болу керектігін айтып кеңестерімен бөлісті. Кездесу барысында жастар мен оқушылар арасында түрлі ойындар ойнатылды. Шараның соңы студенттердің ақ тілектерімен аяқталды.



https://www.instagram.com/p/Cns6kPvIpoz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Мектебіміздің дебат қозғалысы жобасы аясында 11 ақпан "Ашық алаң" дебат клубының 5-9-сынып оқушылары арасында тілдер күнінің іс-шараларына сәйкес "Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті?" атты тақырыбында АПФ форматында мектепішілік пікір алмасу өткізілді. Клуб жетекшісі Томина Меруерт оқушыларға тақырыппен және форматты айтып өтті. Пікірсайысшыларға тақырып алдын ала беріліп, пікірсайыс форматы түсіндірілген болатын. Клуб мүшелері тақырып аясында ойларын еркін жеткізіп, өз ұстанымдарын қорғай білді. Алда клуб мүшелері өзекті тақырыптарды қозғай отырып, келесі отырыстарда, пікірсайыстарда өз ойларын ашық, еркін, нақты жеткізіп, өз ұстанымдарын берік ұстанып, қалалық, облыстық, республикалық байқаулада да мектеп намысын қорғай алады деген сенімдеміз.



18 ақпан күні Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша Теректі негізгі мектебінде кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын -алу бойынша "Достық күні" тақырыбында 5-6-сынып оқушылары және фракция мүшелері арасында арасында тәрбие сағаты өтті.



https://www.instagram.com/reel/Cori1zcIsIs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Теректі негізгі мектебінде отбасы күніне орай 9-сынып оқушылары мен ата-аналары арасында "Отбасы жарастығы" атты тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел мектеп бойынша сыныптан бір ата-анадан қатысты. Дөңгелек үстел алдын ала дайындалған жоспар бойынша жүрді. Ата-ана, бала, мектеп аясында мәселелер айтылды. Отбасының бала білімі мен тәрбиесіндегі рөлі жайлы әңгіме өрбіді. Мектеп тәлімгері дайындалған көрнекіліктер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Соңында ата-аналардан сауалнама алынды. Патриоттық, рухани күш беретін әңгімелер айтылды.

✓Мақсаты: Ата-ана мен оқушы арасындағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету.



4 наурыз күні 1наурыз "Алғыс айту күніне" орай "Алғысым шексіз" атты челленджде 7-8 сынып оқушылары белсене қатысты.



11 наурыз күні Спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Туберкулез туралы не білесің?» тақырыбында сауалнама алынды.

14-18 наурыз күні Экология және еңбек фракциясы бойынша Акция «Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру жұмысы жүргізілді.



18 наурыз күні Теректі негізгі мектебінде 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай "Қош келдің, Ұлы күні" атты мерекелік іс шара ұйымдастырылды. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, наурыз көжеден дәм татты.



Құқық және тәртіп фракциясы бойынша бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамды қатты алаңдатып отырған келеңсіз көріністердің бірі. Осы індеттің алдын алу, жемқорлықты болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 7-9-сынып оқушыларының қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ» атты челендж ұйымдастырды.

Мақсаты: Өскелең жас ұрпақты адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Оқушыларға парасататтылық, адалдық, әділдік, сенім, «ар-ұждан» ғылымы құндылықтарын барынша насихаттау. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлықты болдырмау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру.



https://www.instagram.com/reel/C0tpekcoriG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша 4-мамыр күні "Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу" бойынша 7-9 сынып оқушылар арасында "Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз" тренинг сағаты өткізілді.

"Буллингтің алдын алу" бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



9 мамыр Ақпарат фракциясы мүшелері жеңіс күніне орай Теректі негізгі мектебінде 9-мамыр жеңіс күндері мерекелерін өткізу іс-шараларына сәйкес "Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік" атты тақырыбына сай 7-8-сынып оқушылары инстаграм парақшасында құттықтау лебіздерін білдірді.



https://www.instagram.com/reel/Cr5piX6o0_T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы бойынша Қала және облыс аумағындағы өлкетану, тарихи, этнографиялық, мұражайлар мен киелі жерлерге саяхат жасау жоспарына сәйкес оқушылар Қобыланды батыр кесенесіне экскурсия жасады.



https://www.instagram.com/p/Cel5ij5oAwT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

12-13 мамыр Спорт және салауатты өмір салты фракциясы бойынша 5-9 сынып оқушылары арасында «Көңілді старт» атты тақырыбында сайыс ұйымдастырды.



17 мамыркүні Экология және еңбек фракциясы бойынша Теректі негізгі мектебінде 6-мамыр күні мемлекет басшысының "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын қолдау мақсатында "Түлектердің ағаш егу" челленджі аясында 9- сынып түлектері мектеп ауласына ағаш отырғызды.



https://www.instagram.com/p/C6np_RTggx3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

20 мамыр күні Мектеп парламенті фракция мүшелері арасында

«Жазғы демалыс мерзімін пайдалы өткізуге кеңес» дөңгелек үстел өтті.

23- мамыр мектеп аға тәлімгері М.Ю Томинаның қатысуымен “Мектеп Парламенті” оқушылардың өзі-өзі басқару ұйымының жылдық есеп беру жиналысы өтті.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Жиналыста парламент мүшелерінің алдағы уақыттағы атқаратын жұмыстары мен міндеттері талқыланып, жаңа жұмыс жоспарларымен таныстырылды. Сонымен қатар жоспарға сай сапалы жұмыстар жүргізу тапсырылды.